


Өнегелі өмір

Қалам құдіреті

Ол қыл қалам құдіретін ерте сезінді. Оның құдіретін, қасиетін, күшін, ықпалын кейін ес біліп, етек жеңін жинаған, ақыл тоқтата бастағанда жете түсінді. Шынын айту керек, Көкдала бастауыш мектебінде бастауыш сыныпта оқып жүрген кезінде болған мына жағдай қазіргі жасы ұлғайған шағында да есінен кеткен емес. Оқиға былай болған екен. Төменгі Шу бойынан Көкдала елді мекеніне Бойтан деген қария ірі қара бақташысы болып қазан айында көшіп келеді. Бақташының қыстап отырған қыстауы бастауыш мектеп орналасқан жерден жиырма шақырым, сол кезде ол жерді «Мешіт» деп тұрғындар атап кетіпті.



Себебі, Кеңес өкіметі орнағанға дейін ол жерде мешіт болған. Қарасыз қалған мешіт құлап қалыпты. Содан бері ол жерді өңір тұрғындары «Бойтан қыстауы» деп атапты. Сол Бойтан қарияның Көлшікбай деген мектеп жасындағы ер баласы болған. Өзі есейіңкіреп қалған. Оны бірінші сыныпқа оқытуға әкесі мектепке әкеледі. Бірінші тоқсан аяқталуға таяп қалған кез. Көлшікбай алғашқы аптада балаларға үрке қарап, сабаққа құлықсыздық танытып жүреді. Бірге оқитын құрдастары ойынға тартып, жақындаспақ болса да, ол өзінше жүреді. Үйін сағына ма? Тіпті түнде ұйықтар алдында да үйін айтып жылауды шығарған. Балалар оның жылауықтығынан әбден мезі болады. Солай жүргенде қытымыр қыс басталып кетеді. Күн суытып, қар қалың жауады. Енді Көлшікбай сенбі күндері сабақ аяқталысымен қашықтағы үйіне қашатын әдет шығарады. Мектеп мұғалімдері, интернатта жатып оқитын балалар оны артынан қуып, бірнеше рет барғанымен, Көлшікбай ізін жасырып, тапқызбай жүреді. Сенбі болса, оқушылар мен ұстаздар Көлшікбайдың жүріс-тұрысын бақылауды күшейтеді. Сонда да қашып үйінен кеткен Көлшікбай есін тауып, алыстағы қыстаудағы үйіне қашып кетіп, сабаққа бірнеше күн кешініп, кейде апталап келмей жүреді. Ұстаздар мен оқушылар қашқан оқушыны қуудан әбден шаршап, айлалары таусылып енді не істесек екен деп ақылдары дал болады. Ұстаздар арасында ақындығы бар Манап Мақалиев деген мұғалім мектептің қабырға газетіне Көлшікбайға арнап бір ауыз өлең жазыпты.

Мәкең тағы бір әңгімесінде: «Алыс ауылдағы анам қатты науқастанып шешейді және көршіміз Дана деген әйел кеуіні Көкдала мал жайылым учаскесінен санитарлық ұшақпен сол кездегі аудан орталығы Саудақент (бұрынғы Байқадам) ауылындағы ауруханаға алып келді. Ол кезде 12 адамдық жолаушылар таситын «Кукрузник» деген ұшақ ұшады екен. Кеуінің жағдайы да өте нашар. Тек кірпіктері ғана қимылдайды. Ол кезде 9 сыныпта оқимын. Науқастарды көрген білікті маман, кезекші дәрігер Қуан Мұқатов бірден палатаға жатқызып, мейірбикелерге ескертіп науқастарға тез қан құйғыза бастайды. Анам бір сәт дірілдеп, қара терге түсіп, қиналып жатқанын көрдім. Жан даусым шығып мейірбикелерге қарадым. Одан кейінгісі есімде жоқ. Көзімді ашсам қасымда дәрігер Қуан Мұқатов тұр. «Балақай, қорықпа, қан араласқанша осындай жағдайлар болады, анам қазір тынышталды. Ұйықтап жатыр. Жазылып кетеді», – деп басымнан сипады. Анамның беті бері қарай бастады. Күн сайын сабақтан соң келіп жүрдім. Ұмытпасам бір аптадан кейін қасындағы Дана апай қайтыс болды. Бұл бір қиын кезең. Анам жазылды. Қуандық. Енді мені бір қарыз бен парыз деген ой билеп алды. Облыстық «Ақ жол» (бұрынғы «Еңбек туы») газетіне Қ.Мақатов туралы «Қуан әкелерің қуаныш» деген мақала жарияланды. Газетке мақала шыққан күні Қуан Мұқатов маған келіп рақметін айтып кетті. Сол мақала үшін 15 сом қаламақы алдым. Ол кезде бір қап үн 15 сом тұрады. Ол ақшаға әкемізге жаңа жұмыс костюмі мен шалбар сатып әпердік», – дейді.

кітабы «Шежірелі Сарысу» кітабының жалғасы. Кітаптың бір тарауы «Алты арыс» деп аталады. Мұнда ағайынды Бәйсейіт, Дінмұхамед Әділовтер, Жанайдар Садуақасов, Шабден Ерәлиев, Бәкен Серікбаев, Ораз Жандосовтың ел қамы үшін істеген жанқиярлық еңбектері қамтылған. Сонымен қатар кітаптың бір бөлігі Ықылас Дүкенұлы, Шоқай датқа, Майкөт Сандыбайұлына арналған. Кеңестік кезеңде еңбек етіп ел мақтанышына айналған Ақай Оңғарбаев, Әбдіразақ Елібаев, Ерденбай Тұрғанбаев, Төлеубек Әбдіқадірұлы, Әшір Бүркітбаев сияқты аяулы азаматтарды да, Кеңес Одағының батырлары Амантай Дәулетбеков, Ыбырайым Сүлейменов және Берген Исаханов, Қазыбек Нұржановтардың ерлік істерін де көрсетуге арналған.

Асанәлі Әшімов, Шәмші Қалдаяқов, Илья Жақанов, Амангелді Сембин, Сәуле Жанпейісова туралы да шеберлікпен жазған. Сонымен қатар «Жас кезінде жалында» кітабы жалынды жас шақтың алаулаған кезеңі Жастар жылына арналып жазылыпты. «Жылыстап кеткен жылдарым-студенттік кездегі сырларым» атты кітабы Майлыбай Смағұловтың ұйымдастыруымен жазылған ұжымдық кітапта Орынбек Жаңғабасовтың да еңбектері қамтылған. Академик Жақсыбай Төлеубасов туралы да қамтылған.

Майлыбай Смағұлов ағамыз еңбеккер, ізденімпаз жан. Ол кісі есік алдындағы бау-бақшадан босаған уақытында шығармашылық жұмыспен айналысқанды жақсы көреді. Кейінгі екі жылда екі повесть жазғанын айтсақ та жеткілікті. Оның бірі «Ана қарғысының ақыры» атты деректі повесі. Еңбек ашаршылық жылдары мен қуғын сүргін кезеңіндегі бүкіл Қазақстан сияқты Сарысу өңірін жайлаған аштық тақырыбына арналған. Ақыр аянаң өмірден көрген қиыншылықтары арқылы өңірдегі сол кездегі тіршіліктің ауыр жақтарын оқырманға баяндайды.

«Әділетті Қазақстан-элеуметтік әділеттік кепілі» атты романы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазіргі жүргізіп жатқан Әділетті Қазақстан құру жөніндегі саясатын насихаттауға бағытталған, «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» бағдарламасының мәнін ашып көрсетуге арналған.

Өткен жылдары жүрегіне жасалған ауыр операцияға қарамастан ол қарап бос отыруды ыңғайсыз сезінеді. Ол өзін жұмыс үстінде көргісі келетінін де жасырмайды. Былтыр Алматы қаласында, облыстық Шоқан Уәлиханов атындағы әмбебап ғылыми кітапханасында оқырмандармен кездесу кеші өтті. Оның әлі де берері көп. Жазарыңыз таусылмасын, жақсы аға!

Еңбек еленген жылдар

2013 жылан бастап Майлыбай Смағұлов шығармашылыққа ден қоя бастады. Оның мақалалары баспасөзде жиі жарияланып, кітаптары шықты. 2015 жылы әуесқой композитор, Сарысу ауданында алғашқы типтік жобадары саз мектебін салдыруға бар күш-жігерін, білімін жұмсап, саз мектебінің құрылысының бітуіне 4 ай қалғанда өмірден озған Сәбит Нұркеев туралы «Өнер деп соққан жүрегі» атты кітабын жазды.

Майлыбай Смағұловтың «Ислам-Тәуелсіз еліміздің рухани тірегі» атты кітабы Қазақстан Республикасы Дін істері және Азаматтық қоғам Министрлігі Дін істері комитетінің 2018 жылғы 2 шілде күні №14-06-11/1450 сараптамасынан өткізіліп, оң қорытындысы берілген. Бұл кітап негізінен алты бөлімнен тұрады.

«Өңірде жан бар ма олардан асқан»

Амангелді ӘБІЛ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Бәрекедді!

Бүгінгідей мың құбылмалы әлемде «Заң мен тәртіп» қағидаты – қауіпсіздіктің шынайы кепілі бола алатыны рас. Демек, сіз бен біз үшін өскелең ұрпақты осы бастан жауапкершілікті сезінуге және қоғамдық тыныштықты сақтауға даярлау аса маңызды. Дәл осы мақсатта жуырда Жамбыл ауданындағы Әзімбек Исмаилұлы атындағы орта мектепте Халық Қаһарманы Ғазиз Байтасов атындағы «Жас сақшы» сыныбы салтанатты түрде ашылды.

«Жас сақшы» сыныбы ашылды

Есен ӨТЕУЛІ

Естеріңізде болса, осы полиция капитаны 2011 жылы бейбіт тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында құрбан болған еді.

Батырдың атындағы сыныптың ашылуына аудан әкімінің орынбасары Мақпал Досымбекова, аудандық полиция бөлімінің бастығы, полковник Дәурен Сапиев, аудандық прокуратураның аға прокуроры Арманжан Әбдібеков, сондай-ақ ауыл тұрғындары мен мектеп оқушылары қатысты. Жиын барысында құқық қорғау органдарының өкілдері «Жас сақшы» сыныбының ашылуы – өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде айрықша маңызға ие екенін атап өтіп, мектеп оқушыларының бойына бала кезден отансүйгіштік, тәртіп пен жауапкершілік құндылықтарын сіңіру қашанда өзектілігін жоймайтынн баса айтты.

Сондай-ақ іс-шарада оқушыларға ел қауіпсіздігі жолында жанын пидә еткен Халық Қаһарманының өмір жолы мен қызметі жөнінде мол мағлұмат берілді. Мұнан соң аудандық полиция бөлімінің бастығы, полковник Дәурен Сапиев оқушыларды «Жас сақшы» қатарына қабылдау рәсімін өткізіп, жас өрендер адал болуға, әрқашан батыл да жауапты азамат болуға ант берді. Жиын соңы оқушылардың дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты.

Еске алу

Өмірден өтсе де, көңілден өшпейді

Бүгін біздің жүрегімізде мәңгі сақталатын аяулы жан-әпкеміз Сағымкүл Жүмәлиқызын еске алып отырмыз. Сағымкүл әкпеміздің өмірден озғанына 12 жыл өтті. Иіз зымыраған қанша уақыт артта қалса да сағыныш жүректен кетпейді. Ол біз үшін тек әпке ғана емес, қамқорлықтың, мейірімнің, сабыр мен парасаттың үлгісі болды. Оның жылды соң, ақыл кесесі, ашық жүрегі мен әрқайсымыздың жадымызда.

Әпкеміз қиын сәтте демеу бола білді, қуанышта шын жүректен қуанды. Отбасы үшін трек, жақындары үшін сенім еді. Айналасына мейірім шуағын төге білген қамқор жан еді. Ұл-қыздарының аяулы анасы, немерелерінің мейірімді әжесі еді. Аяулы әпкеміз Сағымкүл өмірден өтсе де, көңілден ешқашан өшпейді.

Артында өшпес өнеге, сағыныш пен ізгі естелік қалдырды. Ол қалдырған із, жасаған жақсылығы, айтқан ақылы, көрсеткен сүйіспеншілігі – біздің жадымызда. Жаны жәннатта, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Алладан рақым, Пайғамбардан шапағат нәсіп етсін әпкеміз Сағымкүлге. Біз оны сағынышпен еске алып, жақсы істерін жалғастырып, есімін құрметпен жадымызда мәңгі сақтаймыз.



Еске алушы:
Әуесхан ӘСКЕРБЕКҰЛЫ,
інсі.

«Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ келесі тауарларды сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіні туралы хабарлайды

- №1 лот «Жылуокшаулағыш материалдары».
- №2 лот «Металл бұйымдары».
- №3 лот «Турбиналық май».
- №4 лот «Май салқындатқыш».

Сатып алынатын тауар, оны жеткізу орны және мерзімі, және де тапсырыс берушінің сатып алуға бөлінген сомасы тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттама пакетінің құны 520 теңгені құрайды және «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ-ның бухгалтерия кассасына немесе «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ-ның есеп айырысу шотына төленеді: БИН 971 040 001 407, ИИК KZ 066 017 161 000 000 893 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БИК: HSBKZKZK.

Әлеуетті жеткізушілер тендерге қатысу үшін тендерлік өтінімдерін конвертке салып, «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ-ның мекенжайына тапсырады: 080005, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Солнечная көшесі, №104У ғимараты, ГРЭС, №502 кабинет.

Тендерлік өтінімдерді тапсырудың түпкілікті мерзімі: 2026 жылы 9 ақпан күні сағат 10:00-ге дейін.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер 2026 жылы 9 ақпан күні сағат 11:00-де ашылады.

Әлеуетті жеткізуші өкілінің жеке құжаты мен тендерлік құжаттама пакетінің көшірмесін алуға және тендерге қатысуға өтінім беруге арналған сенімхаты немесе оның нотариалды расталған көшірмесі міндетті түрде болуы қажет.

Қосымша ақпарат пен анықтамаларды 8 (7262) 439772, 439770 телефондары бойынша алуға болады.

Қаттабосын Бекарыстанвич Шохаетын 2025 жылдың 27 наурызында қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр. Осыған орай, мұрақұның мұрагерлері мұрагерлік істі рәсімдеу үшін, осы хабарландыру жарияланған күнінен бастап, бір ай мерзім ішінде Жамбыл облысы, Талаас ауданы, Қаратау қаласы, Ә.Молдағұлова көшесі, 53 үй, 82 пәтерде орналасқан нотариус Ж.Ж. Байбурнаға жолығулары қажет.

Хабарландыру

«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ ҚР Экологиялық кодекстің 96-бабының 1-тармағының талабына сәйкес, 2026 жылғы 9-13 ақпан аралығында Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша «Жамбыл облысында қуаты 210 МВт ГТК базасында электр станциясына арналған екі газ бұру құбырын және газ дайындау пунктін салу» жобалық-металық құжаттамасына қатысты жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайтында қабылданады.

Объявление

АО «Жамбылская ГРЭС им. Т.И. Батурова», в соответствии с требованиями пункта 1 статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 9 по 13 февраля 2026 года на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz>) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» к проектно-сметной документации «Строительство двух газопроводов и Пункта подготовки газа для электрической станции на базе ГТУ мощностью 210 МВт в Жамбылской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов.

Замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz>